

2013-2015 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Үржар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 9-74/V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 03 қаңтарда N 2800 болып тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Үржар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 қарашадағы N 221-03/13 хаты)

Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Үржар аудандық мәслихатының 29.11.2013 N 221-03/13 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 73, 75 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 07 желтоқсандағы № 8/99-V «2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2781 нөмірімен тіркелген) шешіміне сәйкес, Үржар аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2, 3, 4 және 5 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2013 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер - 5 535 959,4 мың теңге, соның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 805 696,0 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 16 637,4 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 19 000,0 мың теңге;
 - трансферттердің түсімдері- 4 694 626,0 мың теңге;
- 2) шығындар - 5 628 293,5 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредит беру – 39 832,0 мың теңге, соның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер – 44 141,0 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 4 309,0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профицит) - -132 166,1 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) - 132 166,1

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Үржар аудандық мәслихатының 01.02.2013 N 10-95/V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.03.2013 № 11-100/V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.07.2013 № 17-155/V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 22.08.2013 № 18-172/V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.10.2013 № 19-180/V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.11.2013 № 20-189/V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.12.2013 № 21-201/V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м д е р і м е н .

2. Аудандық бюджет қызметтерін асыратын жеке тұлғаларға салынатын жеке табыс салығынан, төлем көзінен ұсталмайтын шетел азаматтарының жеке табыс салығынан табысты үлестіру нормативі 2013 жылға 100 пайыз мөлшерінде Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 07 желтоқсандағы № 8/99-V «2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2781 нөмірімен тіркелген) ш е ш і м і н е с ә й к е с е с к е р і л с і н .

3. Аудандық қазынашылық басқармасы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап белгіленген нормативтер бойынша аудан бюджетіне кірістер сомасын есептеуді ж ү р г і з с і н .

4. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 238 бабының 2, 3-тармақтарына сәйкес ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласының азаматтық қызметшілеріне бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда еңбекақылары жиырма бес пайызға жоғары жалақыларымен тарифтік ставкалары белгіленсін.

Ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілетті органмен келісім бойынша жергілікті атқарушы орган а й қ ы н д а й д ы .

5. Аудандық бюджетке 2013 жылға республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер 1 047 117,0 мың теңге қарастырылсын, соның ішінде: ағымдағы нысаналы трансферттер 688 597,0 мың теңге және даму трансферттер көлемі 358 520,0 мың теңге.

6. Аудандық бюджетке 2013 жылға облыстық бюджеттен берілетін 241 119,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер қарастырылсын.

7. Республикалық бюджет есебінен мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредитке 44 141,0 мың теңге қарастырылсын.

8. Аудандық мәслихаттың ревизиялық комиссиясының таралуына байланысты жоғары тұрған бюджетке «Облыстық ревизиялық комиссиясы»

мемлекеттік мекемесінің құрылуына байланысты трансфертті қайтару 1688,0 мың теңге қарастырылсын.

9. Ауданның жергілікті атқарушы органының резерві 2013 жылға 15600,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

10. 2013 жылға арналған аудандық бюджетті дамытудың бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

11. 2013 жылға арналған аудандық бюджетті атқару барысында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 3 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. 2013 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен түсетін субвенция көлемі 3 667 627,0 мың теңге сомасында бекітілсін.

13. Осы шешім 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Дуйсембаев

Ү р ж а р а у д а н д ы қ

мәслихатының хатшысы

М. Бітімбаев

Үржар аудандық

мәслихатының

2012 жылғы 21

желтоқсандағы

№ 9-74/V шешіміне 1 қосымша

2013 жылға арналған аудан бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Үржар аудандық мәслихатының 18.12.2013 № 21-201/V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

(мың теңге)				
Санаты				Сомасы
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	5535959,4
1			Салықтық түсімдер	805696,0
	01		Табыс салығы	351010,0
		2	Жеке табыс салығы	351010,0
	03		Әлеуметтік салық	265122,0
		1	Әлеуметтік салық	265122,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	165812,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	76500,0
		3	Жер салығы	13854,0

	4	Көлік құралдарына салынатын салық	71296,0
	5	Бірыңғай жер салығы	4162,0
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	18273,0
	2	Акциздер	4568,0
	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1501,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	11784,0
	5	Ойын бизнесіне салық	420,0
07		Басқа да салықтар	232,0
	1	Басқа да салықтар	232,0
08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5247,0
	1	Мемлекеттік баж	5247,0
2		Салықтық емес түсімдер	16637,4
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3577,4
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3570,0
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	7,4
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2,0
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2,0
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	13058,0
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	13058,0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	19000,0
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	19000,0

		1	Жерді сату	19000,0
4			Трансферттердің түсімдері	4694626,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4694626,0
(мың теңге)				
Функционалдық топ				
	Кіші функция			Сомасы
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
	АТАУЫ			
	II. Шығындар			
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	447050,0
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	399012,0
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	15516,0
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15116,0
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	101780,0
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	97810,0
			002 Ақпараттық жүйелер құру	0,0
			003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3970,0
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	281716,0
			001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	268786,0
			022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	12930,0
	2		Қаржылық қызмет	27439,0
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	27439,0
			001 Ауданның (областық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22365,0

		002	Ақпараттық жүйелер құру	0,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	716,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	3949,0
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	0,0
		018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	409,0
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	20599,0
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	20599,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20599,0
		002	Ақпараттық жүйелер құру	0,0
02			Қорғаныс	21251,0
	1		Әскери мұқтаждар	9887,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	9887,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	9887,0
	2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	11364,0
		122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	11364,0
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	11364,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	0,0
	9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	0,0
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0,0
		021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	0,0
04			Білім беру	3603941,0
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	128430,0

	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	128430,0
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	16090,0
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	112340,0
2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру.	3029271,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	4669,0
		005	Ауылдық (селолық) жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	4669,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3024602,0
		003	Жалпы білім беру	2967169,0
		006	Балаларға қосымша білім беру	57433,0
9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	446240,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	154330,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14222,0
		004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	16468,0
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	21808,0
		012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	0,0
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	27087,0
		020	Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдыкпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз ету	3920,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	66586,0
		068	Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз ету	4239,0

	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	291910,0
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	291910,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	340491,0
	2		Әлеуметтік көмек	311203,0
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	311203,0
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	33364,0
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	52372,0
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	10308,0
		006	Тұрғын үй көмегі	9240,0
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	74954,0
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	9220,0
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	50974,0
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	67902,0
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	1807,0
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	1062,0
	9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	29288,0
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	29288,0
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27466,0

		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1411,0
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	411,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	447143,0
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	127298,0
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	1081,0
		024	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	1081,0
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	57936,0
		002	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, соның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	9045,0
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	33560,0
		031	Кондоминиум объектісіне техникалық паспорттар дайындау	600,0
		041	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	14731,0
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	696,0
		026	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу	696,0
		466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	67585,0
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	67585,0
		074	Жұмыспен қамту 2020 жол картасының екінші бағыты шеңберінде жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту мен жайластыруға	0,0
	2		Коммуналдық шаруашылық	223108,0

	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	52424,0
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	52424,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	170684,0
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	47765,0
		006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	122919,0
3			Елді-мекендерді көркейту	96737,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	96737,0
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	30370,0
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	38355,0
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	28012,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	200484,0
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	119199,0
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	119199,0
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	119199,0
	2		Спорт	11164,0
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	11164,0
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	11164,0
	3		Ақпараттық кеңістік	22887,0
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	15974,0
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	15443,0
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	531,0
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	6913,0
		002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	6913,0

9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	47234,0
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	23805,0
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7425,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	16380,0
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	16102,0
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13128,0
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	2533,0
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	441,0
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	7327,0
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7177,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	150,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	184855,0
	1		Ауыл шаруашылығы	38893,0
		453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	5689,0
		099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	5689,0
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	33204,0
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23256,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2770,0
		007		2758,0

			Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	
		011	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	1070,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	3350,0
6			Жер қатынастары	15056,0
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	15056,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10469,0
		002	Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөніндегі жұмыстар	2207,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2380,0
9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	130906,0
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	130906,0
		013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	130906,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	21525,0
2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	21525,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	21525,0
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	12525,0
		013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	9000,0
12			Көлік және коммуникация	163297,4

1			Автомобиль көлігі	161314,4
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	161314,4
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	161314,4
9			Көлік және коммуникациялар саласындағы басқа да қызметтер	1983,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1983,0
		024	Кентішілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	1983,0
13			Басқалар	196236,0
	3		Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	12553,0
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	12553,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12403,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	150,0
9			Басқалар	183683,0
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	7150,0
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	7150,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	173803,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15230,0
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	65684,0

		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	92889,0
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2730,0
		041	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	2730,0
14			Борышқа қызмет көрсету	7,4
	1		Борышқа қызмет көрсету	7,4
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	7,4
		013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	7,4
15			Трансферттер	2012,7
	1		Трансферттер	2012,7
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	2012,7
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	324,7
		024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1688,0
			III. Таза бюджеттік кредит беру	39832,0
			Бюджеттік кредиттер	44141,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	44141,0
	1		Ауыл шаруашылығы	44141,0
		453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	44141,0
		006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	44141,0
	5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	4309,0

	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	4309,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	4309,0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
			Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			V. Бюджет (профицит) тапшылығы	-132166,1
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	132166,1
			Қарыздардың түсімі	44141,0
7			Қарыздардың түсімі	44141,0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	44141,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	44141,0
16			Қарыздарды өтеу	4309,0
	1		Қарыздарды өтеу	4309,0
		452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	4309,0
			008 Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	4309,0
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	92334,1
		01	Бюджет қаражаты қалдықтары	92334,1
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	92334,1

Ү р ж а р а у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 9-74/V шешіміне 2 қосымша

Бюджеттік инвестициялық жобалардың және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту мен жүзеге асыруға бағытталған 2013 жылдың аудан бюджетінің даму бағдарламаларының тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Үржар аудандық мәслихатының 08.11.2013 № 20-189/V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

(мың теңге)	
Функционалдық топ	
Кіші функция	
Бюджет бағдарлама әкімшілігі	

Бағдарлама					2013 жыл
				Атауы	
1	2	3	4	5	6
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	0
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	0
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	0
			002	Ақпараттық жүйелер құру	0
04				Білім беру	292500
	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	292500
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылыс және құрылыс бөлімі	292500
			037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	292500
				соның ішінде инвестициялық жобалар:	
				Үржар ауданы, Барқытбел ауылындағы 130 орындық мектепке ЖСҚ әзірлеуге	1500
				Үржар ауданы, Үржар ауылында 320 орындық мектеп құрылысы	220000
				Үржар ауданы, Үржар ауылында 140 орындық бала бақша құрылысы	55000
				білім беру объектілеріне ЖСҚ әзірлеуге	16000
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	238269
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	67585
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылыс және құрылыс бөлімі	67585
			003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	67585
				соның ішінде инвестициялық жобалар:	
				Үржар ауданы Таскескен ауылындағы 2 пәтерлі үй құрылысы	44085
				Үржар ауданы Мақаншы ауылындағы 2 пәтерлі үй құрылысы	22000
				Үржар ауданы Үржар ауылындағы 2 пәтерлі үй құрылысы	0
				Үржар ауданы Үржар ауылындағы көп пәтерлі үй құрылысына ЖСҚ әзірлеу	1500
			074	Жұмыспен қамту 2020 жол картасының екінші бағыты шеңберінде жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту мен жайластыруға	0
	2			Коммуналдық шаруашылық	170684
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылыс және құрылыс бөлімі	170684

		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	47765
			соның ішінде инвестициялық жобалар:	
			Үржар ауданы Үржар ауылында сыйымдылығы 120 мың куб.м. тұрмыстық қатты қалдықтар жинау полигонының құрылысын салу	47765
		006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	122919
			соның ішінде инвестициялық жобалар:	
			Үржар ауданы Алтыншоқы ауылындағы су құбырын жаңарту (2 кезек)	113919
			Үржар ауданы Таскескен ауылы, Мөлтек ауданындағы су құбыры жүйесінің ЖСҚ әзірлеуге	4500
			Үржар ауданы Мақаншы ауылындағы су құбырын жаңарту ЖСҚ әзірлеуге	4500
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	9000
	2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	9000
		466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	9000
		013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	9000
			соның ішінде инвестициялық жобалар:	
			Үржар ауданы Таскескен, Мақаншы және Қабанбай ауылдарына бас жоспарларын әзірлеу	9000
			жиыны	539769

Ү р ж а р а у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 9-74/V шешіміне 3 қосымша

2013 жылға арналған аудан бюджетін орындау барысында секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджет бағдарламаларының ТІЗБЕСІ

Функционалдық топ					
Кіші функция					
Бюджет бағдарлама әкімшілігі					
Бағдарлама					
Кіші бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
04					Білім беру
	2				Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру

		464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі
			003	Жалпы білім беру

Ү р ж а р а у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
 2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
 № 9-74/V ш е ш і м і н е 4 қ о с ы м ш а

2014 жылға арналған аудан бюджеті

(мың теңге)				
Санаты				Сомасы
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
АТАУЫ				
1	2	3	4	5
			1. Кірістер	4547691
1			Салықтық түсімдер	803861
	01		Табыс салығы	358712
		2	Жеке табыс салығы	358712
		03	Әлеуметтік салық	270381
		1	Әлеуметтік салық	270381
	04		Меншікке салынатын салықтар	145348
		1	Мүлікке салынатын салықтар	48977
		3	Жер салығы	16486
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	74156
		5	Бірыңғай жер салығы	5729
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	22677
		2	Акциздер	4705
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1598
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	15323
		5	Ойын бизнесіне салық	1051
	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	6743
		1	Мемлекеттік баж	6743
2			Салықтық емес түсімдер	6850
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3677
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3677

	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	697
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2476
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2476
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	14935
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	14935
		1	Жерді сату	14935
4			Трансферттердің түсімдері	3722045
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3722045
(мың теңге)				
Функционалдық топ				
	Кіші функция			Сомасы
	Бюджет бағдарлама әкімшісі			
	Бағдарлама			
	АТАУЫ			
			II. Шығыстар	4547691
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	467399
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	427496
		112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	81360
			001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	81360
